

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 шілдеде № 17145 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 13 мамырдағы № 91-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 13.05.2025 № 91-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы №6-3/597 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12714 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2) күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.09.2020 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.09.2020 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2018 жылғы 21 мауым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі

_____ Т. Сүлейменов

2018 жылғы 13 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 15 маусым

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2018 жылғы
24 мамырдағы
№ 209 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
30 маусымдағы
№ 6-3/597 бұйрығымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтер – су көздерінен (өзен, су қоймасы, канал және басқалар) су алу жолымен су беру, су тартқыштар арқылы (канал, құбыр жолы) тасымалдау мен бөлу және АШТӨ-ге су бөлу нүктелеріне су беру;

2) су беруші – АШТӨ-ге су беруді жүзеге асыратын және су шаруашылығы жүйелері қызметтерін көрсету бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

3) субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, нақты субсидия алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру.

3. Субсидия алушылар су берушіден суаратын су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алған және оларға ақы төлеу бойынша шығын шеккен АШТӨ болып табылады.

4. АШТӨ-ге жеткізілген су көлемі су бөлу нүктесінде анықталады.

5. Жеткізілген судың бір текше метріне (бұдан әрі – 1 м^3) бөлінетін субсидиялар мөлшері АШТӨ үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және

тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ Комитеті) тиісті аумақтық бөлімшелері бекіткен тарифтерден пайыздық қатынаста, осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген, сатып алынған суаратын судың 1м^3 арналған субсидиялар мөлшеріне сәйкес сараланып белгіленеді.

6. Мемлекеттік қызметті облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы басқармалары (бұдан әрі – Басқарма) көрсетеді.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік корпорация АШТӨ-ден келіп түскен өтінімдерді 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Басқармаға береді.

Басқарма өтінімді алған күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Басқарманың уәкілетті адамы қол қойған субсидия тағайындау/тағайындамау туралы шешімі бар субсидиялар алуға арналған өтінімді қарау нәтижелері туралы қағаз тасығыштағы хабарламаны АШТӨ-ге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

8. Субсидиялар АШТӨ шоттарына аударылады. Жалпы облыс бойынша су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған субсидиялар сомасы тиісті облыс мәслихатының тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімімен айқындалады.

2-тарау. Субсидиялар алу талаптары

9. Субсидиялар мынадай талаптар сақталған кезде төленеді:

1) көрсетілетін қызметті алушы субсидиялар алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алуға өтінім ұсынады;

2) су беруші алдында берешегінің жоқтығы туралы құжат (төлем туралы түбіртек);

3) жер учаскесіне жер пайдалану немесе жеке меншік құқығының тіркелуі.

3-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

10. Сатып алынған суаратын судың 1 м^3 -іне арналған субсидия мөлшері күріш жүйелеріне арналған қосылған құн салығымен (бұдан әрі – ҚҚС) қоса тарифтің 50%-ын құрайды.

Басқа АШТӨ үшін жеткізілетін судың 1 м^3 -іне арналған субсидиялар суару тәсілдеріне қарамастан, тарифтерден пайыздық қатынаста сараланып белгіленеді және мыналарды құрайды:

0,40-тан $2,0 \text{ тг/м}^3$ -ге дейін	60%
2,01-ден $4,0 \text{ тг/м}^3$ -ге дейін	65%
4,01-ден $9,0 \text{ тг/м}^3$ -ге дейін	70%
9,01-ден $15,0 \text{ тг/м}^3$ -ге дейін	75%
15,01-ден $20,0 \text{ тг/м}^3$ -ге дейін	80%
20 тг/м^3 -ден жоғары	85%.

Субсидиялар мөлшерін (тарифтың субсидияланатын бөлігін) есептеу үшін ҚР ҰЭМ Комитетінің тиісті аумақтық бөлімшелері бекіткен тариф пен су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтің ($0,40 \text{ тг/м}^3$) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны арасындағы айырмашылық алынады.

Сатып алынған суаратын судың 1 м^3 -іне арналған субсидия мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = (T - S_{\min}) \cdot \% \text{-ға, бекітілген тарифтер мөлшерлеріне сәйкес,}$$

мұнда:

S – сатып алынған суаратын судың тг/м^3 -дегі субсидия мөлшері;

T – бекітілген тариф, тг/м^3 (ҚҚС-ны қоса алғанда);

Ескертпе: егер, су беруші ҚҚС төлеуші болып табылса және белгіленген тәртіппен тіркелген болса.

$S_{\min}$ – су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтің ($0,40 \text{ тг/м}^3$) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны;

Күріш жүйелері үшін субсидиялау көрсетілетін қызметтердің ең төменгі (субсидияланбайтын) құнынсыз көзделеді.

11. Субсидияланатын суаратын судың көлемі 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 82-бабына сәйкес бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бөлінісіндегі су пайдалану лимитінен аспауы тиіс.

4-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі

12. Басқарма осы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдігінің интернет-ресурсында және одан кейін тиісті жылдың 1 наурызынан кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында суаратын су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған ай сайынғы өтінімдерді қабылдау кезеңі туралы хабарландыру орналастырады.

13. Басқарма өтінімдердің осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген субсидиялар алу талаптарына сәйкестігін қарайды.

Өтінім осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Басқарма бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған ведомості қалыптастырады және төлем жүргізілген кезде төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес аумақтық қазынашылық бөлімшесіне шоттардың тізілімін және төлем шотын ұсынады.

Өтінім осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, өтінім берушіге бас тарту себептері көрсетілген жазбаша уәжді жауап ұсынылады.

14. Басқарма өтінімдерді тігілген, нөмірленген және мөрмен бекемделген журналға тіркейді.

5-тарау. Субсидиялау жөніндегі есептілік

15. Басқарма Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша суаратын су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын арзандатуға арналған субсидиялардың пайдаланылуы туралы тиісті қаржы жылына арналған есепті 25 қарашадан кешіктірмей ұсынады.

Ауыл шаруашылығы
тауарларын өндірушілерге су
беру бойынша көрсетілетін
қызметтердің құнын
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Субсидиялар алуға арналған өтінімді қарау нәтижелері туралы № _____ хабарлама

20 ____ жылғы " ____ " _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Жүгіну мақсаты _____

(субсидияланатын бағыт)

Жүгінген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Шешім:

_____ облысы
_____ (қаласы)

Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

(аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі) (қолы)

Ауыл шаруашылығы
тауарларын өндірушілерге су
беру бойынша көрсетілетін
қызметтердің құнын
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша
Облыстың (Астана, Алматы
қалаларының)
ауыл шаруашылығы басқармасы
басшысына

(аты, әкесінің аты (ол бар болса),
тегі)

**20 __ жылғы _____ айы үшін су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге
субсидиялар алуға арналған өтінім**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші

(атауы)

2. Орналасқан жері: _____

(облыс, аудан, кент, көше)

3. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама	тіркеу нөмірі	
		мемлекеттік тіркелген күні	
		кім берді	
		бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	
		кім берді	
		берілген күні	
3	Жеке тұлға үшін үшін – дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама Қызметінің басталғаны туралы хабарлама	тіркелген күні	
		кім берді	
		берілген күні	
		жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	
		кадастрлық нөмірі	

4.	Өтінім берушіге жер пайдалану немесе жеке меншік құқығында тиесілі жер учаскесіне сәйкестендіруші және (немесе) құқық белгілеуші құжат	барлық алаңы, гектар	
		оның ішінде суармалы жерлер	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіруші құжаттың нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
5.	Су көзі	су көзінің атауы (өзен, бұлақ, суландыру жүйесі, су таратқыш, су бөлгіш)	
		су берушінің тарифі (теңгемен)	
		су берушімен жасалған су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы шарттың нөмірі және күні	
6.	Өңдеп өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша суаратын суды тұтыну көлемі	егілетін дақыл	
		егіс алаңы, гектар	
		суландыру нормасы (бір гектарға текше метр)	
		су тұтыну көлемі (мың текше метр)	
		суару тәсілі	
7.	Ағымдағы шотының бар-жоғы туралы ақпарат	банктің немесе Ұлттық почта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық почта операторының атауы:	
		бизнес-сәйкестендіру коды (БСК)	
		корреспонденттейтін шот (К/С)	
		бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
		Бенефициар коды (Кбе)	
8.	Алынған суаратын суға алғашқы төлем құжаттары	төлем сомасы, теңге	
		төленген суаратын су көлемі, мың м3 (текше метр)	
		су берушінің заңды мекенжайы	
		нөмірі	
		берілген күні	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік

туралы хабардармын.

Басшы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі):

(қолы) (аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі)

Бас бухгалтер (бар болса)

(қолы) (аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі)

Мөр (бар болса) орны

20__ жылғы "___" _____

Өтініш 20__ жылғы "___" _____ қарауға қабылданды.

(қолы) (аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі, лауазымы)

Ауыл шаруашылығы
тауарларын өндірушілерге су
беру бойынша көрсетілетін
қызметтердің құнын
субсидиялау қағидаларына

3-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Облыс (Астана, Алматы
қалалары)

әкімінің орынбасары

(аты, әкесінің аты (ол бар болса),
тегі)

(қолы, мөр)

(күні)

_____ облысы бойынша 201__ жылы (_____ айында) суаратын су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын арзандатуға арналған субсидиялардың пайдаланылуы туралы есеп

Р/с №	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерд	АШТӨ -ның жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Дақыл атауы	Су лимиті, мың	Суару тәсілі	АШТӨ ақы төлеген суарат	Субсидиялар мөлшері, (бір	Төленген субсидиялар сомасы	Облыс мәслихаты бекітке	
-------	---------------------------------------	---	-------------	----------------	--------------	-------------------------	---------------------------	-----------------------------	-------------------------	--

	ің (бизнес бұдан - әрі – сәйкес АШТӨ тендір) атауы у нөмірі (БСН)			Жер учаскесі алаңы, мың (гектар)	текше метр		ы н судың көлемі, мың (текше метр)	текше метрге теңге)	, мың теңге (8*9)	н сома, мың теңге	Ауытқ у, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10=8*9	11	12
Аудан											
1	АШТӨ 1										
2	АШТӨ 2										
	Барлығ ы										
Аудан											
1.	АШТӨ 1										
2.	АШТӨ 2										
	Барлығ ы										
	Жиын ы										

Облыстың (Астана, Алматы қалаларының)
ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

(қолы) (аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан
Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 24 мамырдағы
№ 209 бұйрығына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды — ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.09.2020 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.